

3. Рахматуллина Э.Д. Использование информационных технологий в инклюзивном образовании // Образование и воспитание. – 2020. – №3. – С. 82-84.
4. Мошқалов А.Қ. Білім беру жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің теориялық- практикалық негіздері // Ғылыми-педагогикалық басылым «Ұлт тағылымы». – 2012. – №2. – С. 262-267.
5. Мұхамеди, Қ. Жасанды интеллект және цифрлық технологиялар: Болашақтың мүмкіндіктері мен Қазақстандағы орны. Алматы: ҚазҰТУ баспасы, -2021.
6. Бекенова А. Fake news және медиасауаттылық: Қазақстандық қоғамның келешегі. Педагогика және ақпараттық технологиялар журналы, 23(4), 56-62. -2021.
7. Жанасова А.Е., Окутасва С.Т. Инновационный потенциал социального предпринимательства в сфере образования // Сборник международной научно-практической конференции «Наука и образование в эпоху цифровизации». Нұр-Сұлтан: Астана халықаралық университеті, 2022. -275-286.
8. Төлеубекова Р.К., Маусумбаев Р.С. Білім беруді цифрландыру жағдайында әлеуметтік педагогтің кәсіби даму аспектілері // The Europe and the Turkic World: Science, Engineering and Technology" Materials of the VI International Scientific-Practical Conference May 5-7, 2021 Bursa (Turkey) Volume II Bursa, 2021. – Б. 209-2015
9. Н.С. Қатаев, А. Еркінқызы. Оқыту процесін ұйымдастыруда цифрлық білім беру технологияларының тиімділігі // Педагогикалық ғылымдар сериясы. №2 (67) 2021 -71-80
10. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_2/history
11. Білім беру саласындағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыру <https://skcn.kz/kz/page/komfortnava-shkola>

ӘОЖ 37 (4/9)

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ РӨЛІ

Ануарбек Д.А., Шамилова П.С.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Қазіргі қоғамға белгілі бір білім, білік, дағдыларды меңгерін қана қоймай, дербестігі, жауапкершілігі, сыни көзқарасы, өзін-өзі дамытуға қажеттілігі бар, стандарттан тыс ойлай алатын және өз ойын жеткізе білетін адам қажет. Заманауи білім беру жүйесі мұғалімдерден кәсіби білім мен біліктілікті ғана емес, өзі қызмет ететін қоғамның этномәдени ерекшеліктерін терең түсінуді талап етеді. Балалардың дүние туралы негізгі түсініктерін қалыптастыратын болашақ бастауыш сынып мұғалімдері үшін этнопедагогикалық және тіл мәдениеттері олардың кәсіби дайындығының негізгі элементтеріне айналады. Бұл аспектілер өзара байланысты және бірін-бірі толықтырып, мұғалімдердің көп ұлтты ортада тиімді жұмыс істеу қабілетін дамытуға көмектеседі.

Соның ішінде, педагог кадрларды даярлау мәселесіне қойылатын талаптар айтарлықтай өзгеруде. Білім беруді ізгілендіру, мақсатты бағыттарды өзгерту, мұғалімдерге дербестік құқығын беру жаңа типтегі маманды қажет етеді, бұл ЖОО-да және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде оқу үдерісінің мазмұны мен технологиясының өзгеруіне әсер етеді.

Мұғалімдерді кәсіби даярлау – қоғамдағы өзгерістерге, білім беру парадигмасы мен технологиялық талаптарға бейімделетін динамикалық процесс. Ол үздіксіз оқытуды, теорияны практикамен біріктіруді және табысты оқыту үшін қажетті құзыреттерді дамытуды қамтиды. Көріп отырғанымыздай, кәсіби дайындық екі құрамдас бөліктен тұрады: *біріншісі* – мамандықты және оның теориялық негізін құрайтын білім салаларын түсінуге бағытталған шаралар жүйесі; *екіншісі* – оқушының таңдаған іс-әрекетімен сауатты айналысуға сенімі пайда болғанша өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытуға бағытталған шаралар жүйесі.

Педагог кадрларды кәсіби даярлау үдерісінде, әсіресе білім беруді этнопедагогизациялау жағдайында *этнопедагогикалық және тіл мәдениеттері* тығыз байланысты. Бұл байланыс болашақ мұғалімдердің этномәдени құзыреттілігін дамытуға және мәдениетті таныстыру құралы ретінде тілді меңгеруге мүмкіндік беретін өзара ықпалдастық пен бірін-бірі толықтыруға негізделген.

Этнопедагогикалық мәдениет мұғалімдердің кәсіби дайындығының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені ол студенттердің этномәдени ерекшеліктерін ескеруге және инклюзивті білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді. Бұл адамгершілік құндылықтарды сіңіру және мәдени әртүрлілікке құрметпен қарауды дамыту үшін халықтық педагогиканы, фольклорды және дәстүрлі оқыту әдістерін қолдануды қамтиды.

Тіл мәдениеті жеке тұлға мен қоғамның жалпы мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол адам қызметінің әртүрлі салаларында тілдің қолданылуын реттейтін нормалар мен ережелердің жиынтығын қамтиды. Тіл мәдениетін адамға қарым-қатынас үшін тілді тиімді және сауатты қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар мен білімдер жүйесі деп анықтауға болады. Ол тілдің нормалары мен ережелерін білуді де, оларды іс жүзінде қолдана білуді де қамтиды. Тіл мәдениеті тек грамматикалық және лексикалық нормаларды ғана емес, сонымен қатар сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін, оның этикалық жағын, сонымен қатар қарым-қатынас контекстін ескеру қабілетін қамтиды. Тіл – ұлттың жаны, оның мәдениетінің айнасы. Тіл мәдениеті – тілдің тазалығын, тілдің ережелерге сай жұмсалыуын, сөйлеуші мен оқушысының тіл жұмсау реттілігін, дұрыстығын қарастыратын ғылым [1, 3 б.].

Ал, мұғалімнің тіл мәдениеті оның кәсіби іс-әрекетінде шешуші рөл атқарады, өйткені педагогикалық процесс тек білім беру ғана емес, сонымен қатар оқушылармен, әріптестермен, ата-аналармен қарым-қатынас жасау болып табылады. Оқыту процесінің тиімділігі көп жағдайда мұғалімнің өз тәжірибесінде тілді қалай пайдаланатынына байланысты. Тіл мәдениеті – болашақ мұғалімдердің дайындығының құрамдас бөлігі, қарым-қатынасты мәнерлі, қолжетімді, әдепті түрде жеткізу қабілетін қалыптастырады. **Мұғалімнің тіл мәдениеті** – оқыту процесінде тілді тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін білім, білік, дағдыларының жиынтығы. Бұған сөйлеудің сауаттылығы, дұрыстығы, мәнерлілігі, сондай-ақ тілді әртүрлі жас және әлеуметтік топтарға бейімдеу, тілді педагогикалық мақсатта қолдана білу жатады.

Болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық мәдениеті олардың кәсіби дайындығының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл адамгершілік-рухани құндылықтарды, этномәдени білімдерді, дамыған этникалық өзіндік сананы және этнопедагогикалық қызметке дайындығын қамтитын күрделі жүйелі-тұлғалық формация. Этнопедагогикалық мәдениетті қалыптастыру мұғалімдерге мәдени мұраны сақтауға және дамытуға үлес қоса отырып, көпұлтты білім беру ортасында нәтижелі жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Педагогтарды кәсіби даярлаудың заманауи жағдайында этномәдени компонентті оқу-тәрбие үдерісіне кіріктіруге көбірек көңіл бөлінуде. Ең маңызды бағыт – болашақ мұғалімдердің этномәдени дәстүрлерді тәрбиелеу мен оқытуда пайдалана білу қабілетін дамытуға бағытталған **этнопедагогикалық оқыту**. Педагогикалық әдебиеттердің көпшілігінде «этнопедагогикалық оқыту» термині кездеспейді, дегенмен кейбір зерттеушілер өз жұмыстарында бұл ұғымды әр түрлі контексте қолданады.

Осы тұста чуваш ғалымы Г.Н.Волков студенттерді толыққанды, сапалы этнопедагогикалық даярлау қажеттілігін жан-жақты негіздеп, болашақ мұғалімдерді этнопедагогикалық даярлау жүйесінің құрамдас бөліктері туралы бірқатар ой-пікірлерді білдіреді [2].

Ал, А.Г. Гмырин өз еңбектерінде мұғалімдердің этнопедагогикалық даярлығының сапасын арттыру мәселесін көтереді. Оның пікірінше, ол үш кезеңнің негізінде жүзеге асырылады:

- 1) этнопедагогикалық мәдениетті меңгеру қажеттілігін мотивациялау;
- 2) педагогикалық курстар мен практиканың бағдарламасына дәстүрлердің жеке элементтерін ішінара енгізу;
- 3) арнайы курсты әзірлеу және тестілеу [3, 6 б.].

Ғалым мұғалімдердің ұлттық тәрбие негізінде дайындау сапасын жақсартумен қатар мектепте жұмыс істеп жүрген мұғалімдердің этнопедагогикалық шеберлігін арттыруға жағдай жасау қажеттігіне баса назар аударады.

М.М. Тхуго студенттердің этнопедагогикалық дайындығын әдістемелік нұсқаның бірқатар оқу пәндері арқылы қарастырады:

- 1) экономика салалары, қолданбалы өнер, халықтың музыкалық өнері оқытылатын пәндерді оқу бағдарламасына енгізу;
- 2) оқу іс-әрекетінің мазмұнына халықтың озық дәстүрін, философиясын, мәдениетін, халықтық педагогикалық озық идеяларды ескере отырып, ұлттық нақышта тәрбиелеуді енгізу арқылы оқушылардың ұлттық өзіндік санасын қалыптастыру [3, 7 б.].

Сол секілді В.А. Мамоновтың еңбегінде де жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісімен байланыстырылған этнопедагогикалық дайындық мәселесін зерттеді:

- 1) халықтық педагогиканың озық дәстүрлері туралы білімдерді меңгеру;
- 2) семинарлар мен зертханалық сабақтарда білімді бекіту және тереңдету;
- 3) тәжірибе барысында оқыту дағдыларын жетілдіру;
- 4) озық педагогикалық тәжірибені зерделеу; халықтық тәрбие дәстүрлерін жаңғырту бойынша олардың педагогикалық қызметінің нәтижелерін талдау және бағалау;

5) халық педагогикасының идеяларын пайдалану бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу [4].

«Этнопедагогикалық оқыту» ұғымына өзінің бірқатар еңбектерін арнаған профессор Ә.Әлімбеков, *болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық дайындығының бастапқы базалық моделіне аксиологиялық, когнитивтік (немесе әлеуметтік-танымдық), процессуалдық (немесе технологиялық) және эмоционалды-бағалаушы* компоненттерін кіргізеді [5]. Ғалымның тұжырымдамасы бойынша: «этнопедагогикалық дайындық», *бір жағынан*, ұлттық мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде тұлғаны үнемі дамытуға бағытталған болса, ал *екінші жағынан*, бұл сөздің терең мағынасында халық мұғалімінің өмір салтының маңызды сипаттамасы болып табылады. Өзінің мақсаттары бойынша ол мұғалімнің жеке басының жан-жақты дамуының, оның рухани әлеуетін байытудың, азаматтық және кәсіби жетіліп өсуінің шарты (және процесі) ретінде әрекет етеді.

Жоғарыда сөз етілген еңбектерді талдау нәтижесінде келесі тұжырымдарды жасауға болады:

1) Зерттеулер «этнопедагогикалық оқыту» терминінің ғылыми әдебиетте кеңінен таралғанын көрсетеді.

2) Ғалымдар мұғалімдердің кәсіби дамуы үшін этнопедагогикалық даярлықтың маңыздылығын бірауыздан мойындайды және оны жақсарту қажеттілігін айтады.

3) Көптеген зерттеушілер этнопедагогикалық даярлықты тек «Этнопедагогика» курсымен шектейді, өйткені басқа пәндер бұл процеске жеткілікті түрде қатыспайды.

Осы тұрғыда мақаламызға рақау болып отырған этнопедагогикалық және тіл мәдениеттерінің сабақтастығына тоқталар болсақ:

1. Ұлттық бірегейлікті қалыптастыру. Ана тілі арқылы жүзге асырылатын этнопедагогикалық тәсілдер балалардың өз тамырын түсінуге, халқына, оның тарихы мен мәдениетіне қатыстылығын сезінуге көмектеседі.

2. Тәрбие құралдары. Халықтық жанрлар (мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер) әрі тіл мәдениетінің элементтері, әрі қуатты педагогикалық құрал.

3. Моральдық нұсқауларды беру. Тіл мәдениеті фольклор мен дәстүрлі дискурста бекітілген этникалық қауымдастықтың моральдық нормаларына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

4. Мәдениеттер диалогы. Халқымыздың тілдік және этномәдени ортасын білу өскелең ұрпақта толеранттылықты қалыптастыра отырып, басқа мәдениеттерге құрметпен қарауға мүмкіндік береді.

Мұғалім этнопедагогикалық дәстүр мен қазіргі білім беру талаптарының арасын жалғастырушыға айналады. Әрі оқушылар мен білім арасындағы делдал ретінде ақпаратты беріп қана қоймай, сонымен бірге оқушылар материалды қабылдай алатын өнімді қарым-қатынасқа жағдай жасауы керек. Оның міндеттеріне дәстүрлі білім беру әдістерін заманауи білім беру технологияларымен ықпалдастыру, ана тілін рухани-адамгершілік тұлғаны қалыптастыру құралы ретінде пайдалану, мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту кіреді. Мұғалімнің сөйлеуі бірнеше негізгі функцияларды атқарады, соның ішінде:

- Балалардың жас ерекшеліктеріне сай түсінікті сөздер мен грамматикалық құрылымдарды пайдалана отырып, материалды анық түсіндіре білуі керек.

- Коммуникативті функция. Мұғалім мен оқушылар және ата-аналар арасында болатын қарым-қатынас кезінде диалог құра білуді, әртүрлі адамдармен ортақ тіл табуы, сұрақтар мен пікірлерге жауап беруді, жанжалдар мен түсінбеушілік жағдайларды шешуді талап етеді.

- Мотивациялық функция. Педагогтың сөзі оқушыларды ынталандырудың маңызды құралы бола алады. Сенім беріп, шабыттандыра сөйлеу оқуға деген қызығушылықты оятып, жетістікке жетуге деген құштарлықты дамыта алады.

- Этикалық функция. Ұстаздың сөзіндегі сыпайылық пен құрмет белгілері ұжымда жағымды ахуалдың қалыптасуына, сенім мен өзара сыйластықтың нығаюына ықпал етеді. Тиісті қарым-қатынас этикасы оқушылармен жұмыс істеу үшін де, әріптестермен және ата-аналармен әрекеттесу үшін де қажет әрі маңызды.

Мұғалімдердің мәдени әртүрлілікке құрметі мен мәдениетаралық құзыреттілігін дамыту процесі үйлесімді және көпмәдениетті білім беру кеңістігін құрудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Педагогтардың этнопедагогикалық дайындығы шеңберінде жұмыстың әртүрлі әдістері мен формалары қолданылады. Олардың кейбіреулерін қарастырайық:

- Кейс-стади әдісі. Мұғалімдерге мәдениетаралық өзара әрекеттестіктің нақты жағдайларын зерттеуге және олардың негізінде проблемаларды талдауға және оларды шешу жолдарын табуға мүмкіндік береді.

- Интерактивті тренингтер. Тренинг арқылы мұғалімдер ойын және топтық тапсырмаларды, пікірталастарды және жағдаяттарды модельдеуді қолдана отырып, әртүрлі мәдени ортадан шыққан білім алушылармен тиімді әрекеттесуге үйренеді.

- Семинарлар мен воркшоптар. Осындай іс-шаралар аясында мұғалімдер мәдениетаралық коммуникацияның өзекті тақырыптарын талқылап, тәжірибе алмасып, мәселелерді шешудің ортақ тәсілдерін таба алады.

- Мәдени ерекшеліктерді зерттеу. Түрлі этностардың мәдени дәстүлері, әдет-ғұрыптары, діни және тілдік ерекшеліктері зерттелін, талданады.

- Жобалық іс-шаралар. Этномәдени мұраны зерделеу мен сақтауға, мәдени мерекелер мен дәстүрлерге арналған іс-шараларды ұйымдастыруға бағытталған жобалар жасау керек.

- Мультимедиялық технологиялар. Интерактивті оқу материалдарын, бейнероликтерді және презентацияларды пайдалану мәдени көріністердің әртүрлілігін көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

- Мәдениетаралық өзара әрекеттесу жағдайларын имитациялайтын, қақтығыстарды шешетін және бір-бірінің көзқарасын түсінуге үйрететін рөлдік ойындар.

- Жергілікті қоғамдастықтармен серіктестік. Түрлі этнос өкілдерімен бірлесін жұмыс жасау, оларды сабаққа шақыру, жергілікті қоғамдастық өкілдерімен бірге кездесулер мен іс-шаралар ұйымдастыру.

Этнопедагогикалық даярлық аясында осы әдістер мен жұмыс түрлерінің барлығы мұғалімдерге өздерінің мәдениетаралық құзыреттіліктерін тиімді дамытуға және мәдени әртүрлілікті құрметтеуге ықпал ететін инклюзивті білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, мұғалімдерді даярлау барысында олардың тіл мәдениетін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлау барысында-ақ педагогикалық қарым-қатынас негіздерін игеріп, өз ойын анық және дәлелді жеткізе білуге машықтанады, сонымен қатар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай сөйлеу процесін қабылдауының ерекшеліктерін зерттейді. Кәсіби дайындықтың маңызды аспектілеріне мыналар жатады:

- Шешендік өнер және риторика курстары. Мұндай курстар мұғалімдердің көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамытуға, сөйлейтін сөзін дұрыс құрылымдауға, әртүрлі стильдер мен интонацияларды қолдануға үйренуге көмектеседі.

- Білімді практикада қолдану. Болашақ ұстаздар мектептерде тәжірибелік сабақтардан өтін, оқушыларға тек сабақ берін қана қоймай, олармен тіл табыса білуге, әр баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сөйлесу тәсілін табуға үйретеді.

- Психологиялық дайындық. Қарым-қатынас психологиясы және жеке тұлғалық даму саласындағы білім мұғалімге өзара әрекетті дұрыс құруға, материалды ұсынудың оңтайлы формаларын таңдауға және конфликттік жағдайларды болдырмауға көмектеседі.

Қазіргі білім беру ұйымдарында мұғалімдердің кәсіби шеберлігінің негізіне айналатын және өнімді, үйлесімді білім беру ортасын құруға ықпал ететін сөйлеу дағдылары жоғары болуы керек. Студенттердің тілдік мәдениетін гуманитарлық негізгі пәндері арқылы қалыптастыру әртүрлі халықтардың мәдени ерекшеліктерін тиімді жеткізе алатын және түсінуге қабілетті жоғары білікті мамандарды дайындаудың негізгі аспектісі болып табылады. Әдебиет, тарих, философия және әлеуметтану сияқты гуманитарлық пәндер студенттердің ой-өрісін кеңейтін, тіл байлығын дамытуда маңызды рөл атқарады. Тіл мәдениетін қалыптастыруда гуманитарлық ғылымдардың рөлі:

- Сөздік қорын молайту. Әдеби шығармалар мен тарихи мәтіндерді оқып-үйрену студенттердің сөздік қорын байытады, сөйлеу мәнері мен фразеологиялық бірліктердің алуан түрімен танысады.

- Аналитикалық ойлауды дамыту. Гуманитарлық пәндер студенттерді мәтіндерді талдауға және түсіндіруге үйретеді, бұл олардың мағына мен контекст туралы түсінігін жақсартуға, сонымен қатар сыни ойлауды жақсартуға көмектеседі.

- Мәдени құзыреттілікті қалыптастыру. Гуманитарлық пәндер арқылы әртүрлі халықтардың тарихымен, философиясымен және мәдениетімен таныстыру мәдени айырмашылықтарды түсінуге және толеранттылықты дамытуға ықпал етеді [6].

Осылайша, гуманитарлық пәндерді оқу үдерісіне кіріктіру студенттердің тілдік мәдениетін жан-жақты дамытуға, оларды жаһанданған әлемде тиімді мәдениетаралық қарым-қатынас пен кәсіби қызметке дайындауға ықпал етеді.

Сонымен қорыта айтар болсақ, мұғалімдердің этнопедагогикалық дайындығы этномәдени мұраны сақтаудың маңызды факторы болып табылатын этностардың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін сақтауда шешуші рөл атқарады. Мұғалімдер этнопедагогикалық дайындық арқылы мәдени мұраны сақтап, келешек ұрпаққа жеткізу үшін тіл мен оған қатысты болған барлық дәстүрлерді сақтаудың маңыздылығын түсінеді. Этнопедагогикалық дайындықтан өткен мұғалімдер мәдени элементтерді оқу-тәрбие үдерісіне кіріктіруге қажетті білім мен дағдыға ие бола алады. Сөзімізді мына бір тұжырыммен аяқтағымыз келіп отыр: «Болашақ мұғалімдерді этнопедагогикалық даярлау – кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің мақсатты, мазмұндық, процессуальды және нәтижелік аспектілерінде заманауи мұғалімге қойылатын талаптарды жүзеге асыру».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сәрсекее Г.Ә. Тіл мәдениеті. Оқу құралы. Павлодар: ПМПИ баспасы, 2011. – 114 бет.
2. Волков Г.Н. Этнопедагогическая концепция национальной школы // Национальная школа: концепция и технология развития: Докл. и матер. междунар. конф. - Якутск, 16-21 марта 1993 г. - М.: Просвещение, 1993. - С. 45-52.
3. Гмырин А.Г. Воспитательный потенциал народных традиций Поморского Севера в подготовке учителя физической культуры: Канд. дис. - СПб., 1995. - 16 с.
4. Мамонов В.А. Подготовка студентов педвуза к использованию прогрессивных идей таджикской народной педагогики Канд. дис. - М., 1992. - 24 с.
5. Алимбеков А. Содержание базовых компонентов модели этнопедагогической подготовки будущего учителя// Вестник Иссык-Кульского университета. - Каракол, 2007. - №-14, 46 -51
6. Омарова З.К. Культурологические аспекты поликультурной направленности языковой педагогики. Многопрофильный научный журнал Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова “3i: intellect, idea, innovation — интеллект, идея, инновация”. – 2017. – № 2. – С. 106 -112.

ӘОЖ 37.064.3

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУДА ТОЛЕРАНТТЫ ОРТАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Арыстан Б.А.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қазіргі білім беру жүйесінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – оқушылардың қауіпсіз, достық және қолайлы ортада білім алуын қамтамасыз ету. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың тұлғалық дамуы осы кезеңде қалыптасатындықтан, олардың арасында кездесетін буллинг мәселесін елемуге болмайды. Психологиялық қысым, мазақ ету, оқшаулау сияқты әрекеттер баланың оқу үлгеріміне ғана емес, жалпы өмірге деген көзқарасына, өзін-өзі бағалауына кері әсер етеді. Білім беру жүйесінде тек академиялық білім беру емес, сонымен қатар оқушылардың психо-эмоционалды қауіпсіздігіне көңіл бөлу — бүгінгі күннің өзекті талаптарының бірі. Бастауыш мектеп — тұлға қалыптасуының бастапқы кезеңі, сондықтан бұл деңгейде болатын кез келген теріс әлеуметтік құбылыстың алдын алу ерекше маңызға ие [1].

Буллинг ұғымы және оның түрлері. Буллинг — оқушылар арасында жиі кездесетін, бірақ көбіне жасырын жүретін агрессивті мінез-құлықтың бір түрі. Оған уақытылы көңіл бөлінбеу мектептегі жағымсыз ахуалдың, психологиялық жаракаттардың, оқу үлгерімінің төмендеуі мен әлеуметтік бейімсіздіктің себебіне айналады [2].

Ғылыми еңбектерге сүйенсек, мектептегі буллинг ХХ ғасырдың басында зерттеле бастаған. Буллинг туралы зерттеулердің негізін қалаушылар Д. Олвеус, Л. Хьюсманн және Л. Эрон, В. Бесаг. Сонымен қатар, буллинг мәселесін теориялық және практикалық жағынан зерттеп көптеген еңбектер қалдырған (В. Бесаг, Д. Лейн, К. Дьюкс, В.Т. Ортон, Д.А. Лэйн, Д.П. Таттум, Е. Мунте және т.б.) ғалымдарды атауға болады.

Қазіргі кезде жасөспірімдердің арасындағы буллингтің алдын алу мақсатында Д. Олвеустің балалардың агрессивтілігі туралы жүргізген зерттеулерін басшылыққа алуға болады. Ол 1973 жылы зерттеулерінің негізінде «Aggression in the Schools: Bullies and Whipping Boys» атты еңбек шығарды.